

І ТУЫ

МИТЕТИНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
РОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТИНІҢ ГАЗЕТИ

прель Сәрсенбі

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Совет Одағының жұмысшылары, шаруалары, интеллигенциясы! Ұлы социалистік Отанымыздың экономикасы мен мәдениетінің жаңадан зор қарқынмен өркендеуі үшін, совет мемлекеті күш-қуатының барған сайын арта беруі үшін күресіңдер! Халық шаруашылығының 1952 жылғы жоспарын мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысты кең өрістетіңдер!

(БК(б)П Орталық Комитетінің 1952 жылғы 1 Майға арнаған урандарынан).

Май мерекесі құрметіндегі социалистік жарыс

Егіс жұмыстарын қыялылықтарша ұйымдастырайық!

Қыялы астық совхозының коллективі дүние жүзі халықтарының ынтымақ күні — 1 Май мерекесі құрметіндегі социалистік жарысты кеңінен өрістете отырып, көктемгі егіс жұмыстарының алғашқы күндерінде елеулі табыстарға жетті. Совхоздың барлық күш-мүмкіншілігі егіс жоспарын 5 майға толық орындаушығы жолына жаппай жұмылдырылып отыр. Алғашқы күннің өзінде мұнда 1000 гектардан аса егіс алаңына тұқым себілді, зябь пен пар жыртылған жерлердің ылғалын бүркеу ойлағылай аяқталды.

Төменде қыялылықтарға сөз беріп отырмыз.

Мол өнім өсіргің келсе — егісті сапалы өткіз

Быйыл совхоздың бүкіл жаздық егісі толық игерілген шөп танапты ауыспалы егіс алаңдарына ғана себіледі. Егістің алғашқы күндері ылғалды сақтау мақсатында пар мен зябь жыртылған жерлерді тырмалауға барлық күш жұмылдырылып, бұл жұмыс үш күнде аяқталды. Сөйтіп, 7 мың гектар пар мен зябь өкі

Егісті 5 майға аяқтаймыз

Бізге көктемгі егіс жұмыстары ұйымшылдықпен басталды. Пар мен зябь жыртылған жерлерді тырмалау толық аяқталды. Совхозда мыңдаған гектар зябь пен пар тырмаланды. Көктемгі егіс алдындағы жұмыстарда көптеген механизаторлар стахановтық еңбектің үлгісін көрсетті. Мәселен, А. Вагнер, Брюков, Құсайынов жолдастар егістік алаңды тырмалауда тапсырманы үнемі артығымен орындап келеді.

Совхозда көктемгі егіс жұмыстары қысқа мерзімде аяқтауға мүмкіншілік, барлық совхоздардағыдай, қуатты тракторлар, ауылшаруашылық машиналары жеткілікті. Сонымен бірге, совхозда егіс жоспарын орындауға керекті алаңның 91 проценті әзір. Совхоз егіншілері өздерінің ішкі мүмкіншіліктерін есептей келіп, егісті 5 майға аяқтауға міндеттенді де, іске білек сыбана кірісті.

Бізге егіс кезіндегі ерекше көңіл аударатын жұмыс — тұқым себу. Өйткені, жоғарыда көрсетілгендей, егіске керекті жер негізінен әзір болса, біз тұқым себу

етеміз. Тұқым себетін агрегаттарды басқаруға тәжірибесі мол, іскер тракторшылар бөлінді.

Тұқым себу жұмысы совхозда егістің қысқа мерзімде аяқталуының тағдырын шешетінін ескеріп, тұқым себетін агрегаттардың бастықтары көтеріңкі міндеттемелер қабылдады. № 2 бөлімшедегі агрегат бастығы Нұтпаев жолдас күн сайын өз агрегатымен 190 гектар тұқым себілуін қамтамасыз етпек. Нұтпаев жолдасын бастамасын қызу қолдап, агрегат бастықтары Брюков, Вагнер, Құсайынов, Иванов жолдастар да күніне 190—200 гектардан тұқым себуге міндеттеніп, айтқан жерден шығулы. Міне осының нәтижесінде алғашқы күні совхозда 1200 гектар тұқым себілді.

Тұқым себетін агрегаттардың механизаторлары еңбектің прогрессивтік әдісі — сағаттық графикпен жұмыс істейді. Агрегаттар құрал-саймандармен және адамдармен толықтырылған.

Быйыл көктемде 860 гектар жер жыртамыз. Бұл жұмысты 4-5 күн ішінде

Капитализмнің адам санасындағы сарқыншақтарына қарсы күрес

Партиямыз, оның Орталық Комитеті және көсеміміз Сталин жолдас социалистік құрылысымыздың барлық кезеңдерінде еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру мәселесіне айырықша зор маңыз беріп келеді. Бұқараны коммунизм рухында тәрбиелеу ісінің маңызы кәзір, социализмнен оның ең жоғарғы фазасы — коммунизмге өту кезеңінде онан сайын арта түсіп отыр.

Еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру жөнінде облысымыздың партия ұйымдары бірсыпыра жұмыстар істеді. Үгіт-бұқаралық мәдени-ағарту жұмыстарына көбірек көңіл бөлінетін болды. Лекциялық насихат ісі едәуір жақсарды, колхозшылардың, жұмысшылардың, интеллигенцияның еңбекке коммунистік көзқарасы барған сайын толық қалыптасып, ендірістің қай саласында болсын еңбек озаттарының қатары есуді. Қоғамдық, мемлекеттік меншікті көздің қарашығындай сақтау адамдардың тән қасиетіне айналуда.

Бірақ, идеологиялық тәрбие жұмысында кемшіліктер жоқ деген тіпті дұрыс болмас еді. Олар күнделікті тұрмыста әлі де кездесіп қалады. Капитализмнің сарқыншақтарынан арыла алмай жүрген адамдар арамызда жоқ емес. Ескінің зиянды қалдықтары, әсіресе, феодалдық-байшылық әдетті қайта қоздырушылықта, жеке адам мүддесін қоғам мүддесінен жоғары қоюшылықта, еңбек тәртібін бұзушылықта, оған коммунистік көзқарастың болмауында, тұрмыста азғындауда белгі беріп жүр.

Бұдан азғана бұрынырақ облыстық баспасөзде әшкереленген Ковжов ауданының «Жаңа тұрмыс» колхозында орын алған советтік тұрмысқа жат қылықтардан мысал келтірейік. Бұл колхозда қыз айттырып, киіп күй, ру жігін қоздыру, қоғам мүлкін ұрлау, үлесін әкету сыяқты ескі әмірдің жиіркеншікті қалдықтары кәзір де жетіле беріп отыр. Бұл адамдар

жөнін, барлық қолда бар күш-жұмыстарына толық жұмылдыру талап етіледі.

Егіс жұмыстарының тез және сапалы өткізілуі машина-трактор паркінің өнімді жұмыс істеуіне байланысты. Өйткені, біздің облысымыздың колхоз, совхоздарында егіс жұмыстарының басым көпшілігі механизация күшімен атқарылатындығы мәлім. Сондықтан МТС директорлары әрбір трактордың жұмысты өнімді істеуін қамтамасыз етуге, ал, колхоз басқармалары тракторларды сумен, жанар маймен кезінде қамтамасыз етіп отыруға жете назар аударуға міндетті.

Көп жерде механизация күшіне ғана сеніп, көлік күшін егіс жұмысына пайдалануға мән берілмей отыр. Бұл дұрыс емес. Барлық жұмыс аттары мен өгіздер егіс жұмысына толық пайдаланылып, ат плугтерімен және ат сеялқаларымен жұмысты өнімді істеу қамтамасыз етілуге тиіс.

Көктемгі егіс жұмыстары әрі тез, әрі сапалы жүргізілуге тиіс. Бұл — егіс жұмыстарын жедел қарқынмен жүргізумен бірге, бұл жұмыста агротехниканың барлық талаптарын мұлткісіз орындау қажет деген сөз. Көктемгі егіс жұмыстарының жоғары агротехникалық дәрежеде өткізілуін қамтамасыз етуде агрономдарға күрделі міндеттер жүктеледі. Олар егісті сапалы өткізу жолындағы күресті ұйымдастырушылар болып саналады.

Ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің саяси және өндірістік өрлеуі барған сайын арта түсулі. Партия ұйымдары егіншілердің осы өрлеуін бастай білуге тиіс. Бұл үшін колхоз, совхоз және МТС партия ұйымдары егіншілер мен механизаторлар арасында көктемгі егісті әрі тез, әрі сапалы өткізу жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, үгіт-бұқаралық жұмыстарды пәрменді жүргізуі керек. Бұл күндерде үгіт-бұқаралық және саяси жұмыстардың орталығы трактор, егін бригадасында — келешектегі өнімнің тағдыры шешілетін жерлерде болуға тиіс.

Сол сияқты, партия, совет ұйымдары, колхоз, совхоздар мен МТС басшылары егіс жұмысында істейтін колхозшылар мен механизаторлардың тұрмыстық қажетін өтеуге, оларды мәдениетті қамтуға жете назар аудару керек.

Көктемгі егіс — егіннен мол өнім алудың аса маңызды кезеңі. Олай болса, барлық күш-мүмкіншілікті жұмылдырып, көктемгі егістің әрі тез, әрі сапалы аяқталуын қамтамасыз етейік!

— 00 —

„КУЙБЫШЕВГИДРОСТРОЙДА“

КУИБЫШЕВ, 28 апрель. (СОТА). «Куйбышевгидростройдың» механизаторлары 1 Май мерекесін өндірістік табыстармен қарсы алуда. Эскаваторшылар Борис Коваленко, Иван Нечепуренко, бульдозершы Шакир Гамалеев, скреперші Григорий Анакин, Александр Калугин және басқалары айлық тапсырманы мерзімінен бұрын аяқтады.

Еділ өзенінің екі жақ қабағында балшық қопару жөнінен үлкен көлемді жұмыстар орындалды. Су-электр станциясының қотлованына біржарым миллионнан артық текшеметр балшық қопарылып шығарылды.

ге, 700 гектар егіс алаңына бөрттірілген тұқым себеміз, ал, 2000 гектардан астам егіске тұқым себуді тоғыспалы әдіспен жүргіземіз.

Қуаңшылыққа қарсы күресті күшейте беру жөнінде алда тұрған міндетті мұлткісіз жүзеге асыру мақсатымен, быйыл 45 гектар егін қорғайтын ағаш алқабын отырғызамыз.

Біздің жеріміздің жағдайында көктемгі егісті апрельдің аяғында, әрі кеткенде майдың алғашқы бескүндігінде аяқтау жақсы нәтиже береді. Мұны ескере отырып, совхозымыздың егіншілері егіс жоспарын 5 майға орындап шығады.

М. ПИСКЛИН,
совхоздың аға агрономы.

Партия ұйымының ұйымдастырушылық ролі

Партия ұйымы егіс кезінде саяси-бұқаралық және мәдени-ағарту жұмыстарының жоспарын егіс басталмастан көп бұрын жасады. Коммунистер жұмыстың жауапты участоктеріне бөлінді. Егіс жұмыстарына барлығы 22 партия мүшелері мен кандидаттары тікелей қатысады. Коммунист Нұтбаев, Башкылов Трушин және Баяділов жолдастар трактор және тұқым себетін агрегаттарда жұмыс істейді.

Біз коммунистерді жұмыстың жауапты участоктеріне тағайындаумен қатар, олардың өндірісте авангардтық ролін күшейтуге ерекше назар аудардық, коммунистердің жеке басының ғана норманы толық немесе артық орындауымен қанағаттанбай, сонымен қатар, олардың өздері жұмыс істейтін коллективтің, бригада ның, агрегаттың зор табысқа жетуін ұйымдастыра білуінің шараларын белгіледік. Сөйтіп, коммунистер егіс жұмыстарының алғашқы күндерінен бастап-ақ ұйымдастырушылық роль атқара бастады. Мәселен, коммунист Нұтбаев жолдас өзі басқаратын агрегатпен күніне 190 гектар егістік алаңға тұқым себуге үде берді де, тұқым себушілер арасындағы социалистік жарыстың жаршысы болды. Кәзір Нұтбаев жолдас берген үде бердісін мінсіз жүзеге асырып жүр. Совхоз

Машина қуатын сарқа пайдалану

Менің агрегатымда «С—80» тракторы на тіркелген әрқайсысы 24 қатарлы 5 сеялқа бар. Онда 6 адам жұмыс істейміз. Агрегат жұмысын сағаттық графикке көшіріп, еңбек ұйымдастыруды дұрыс жолға қойдық.

Агрегатта жұмыс таңсәріден басталып, қасқарайғанда аяқталады. Таңертеңгі жұмыс басталмастан бұрын мен тракторымның түзулігін тексеріп, әрбір сеялқаның сеялқаны іске қалай әзірлегенін байқап шығамын. Біз тракторға суды, жанар майды сеялқаға тұқым салынып жатқанда ғана құямыз. Бұл жұмысқа 3 минут уақыт бөлінеді.

Кәзір біз үшінші шапшаңдықта жұмыс

істеуге көштік. Бұған трактор жетеді. Трактор механизмдері істеуін үнем тексеріп, бақы және оған техникалық күті сапалы жасасақ, газ бөлгіші йып отырсақ, оның күші де болады.

Істің санын ғана қуып, с зар аудармау бізге жат нәрсенің тағайындалған нормаларға реңдікке сіңірілуін қамтамасыз етеді. Сол сияқты, тұқым себуіне ең алдымен, алдын-ала жұмысын тексеріп алуды әдетке айналдырған жөн.

К.
№ 2 бөлімшенің агрегат

К. БАБКИН,
совхоздың партия бюросының секретары



тұқым себуге кіріскен күнгі 6-7 сағатта Нұтбаев жолдас 90 гектар егістік алаңға тұқым себуін қамтамасыз етті, сол сияқты, коммунист Писклин жолдас та партиялық тапсырманы аброймен орындауда.

Партия ұйымы социалистік жарысқа басшылықты анағұрлым жақсартып бастады. Жарыс қорытындысы уақытылы шығарылып, оның қорытындысын көпшілікке әйгілеп отыратын төртіп орнаттық. Жарыс қорытындысын шығарғанда беті ашылған кемшіліктерді дереу жоюдың шараларын белгілеп, артта қалғандардың алдыңғы қатарлылар сапына теңелуіне жетісетін болдық. Алғашқы күндерден бастап-ақ озаттардың тәжірибесін кеңінен насихаттай бастадық. Бұл үшін қабырға газеттерін, жауынгерлік листоктарды, құрмет тақталарын шеберлікпен пайдаланудамыз.

Егіншілер арасында саяси-бұқаралық жұмысты кеңінен өрістетудің нақтылы шаралары белгіленді. Үгітшілер құрамын қайта қарап, үгітшілікке саяси сауатты және іскер адамдар тағайындалды. Біз бес күн сайын үгітшілердің кеңесін өт-

кізіп, онда олардың жұмысы тиімділіктер мен қателіктерді атап отырамыз.

Егістің алғашқы күндерін Носонова, Андриященко және Ва жолдастар егіншілер арасындағы жұмысты кеңінен өрістетіп, кәзір совхоз жұмысшылары заторларға Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің Орталық Комитетінің солтүстік-шығыс облыстарының колхоздары мен совхоздарында өткізу жөніндегі Қазақ шаруашылығы мен совхоздарының және В. И. Ленин акадemiaсы Қазақ филиалының түсіндіріп жүр.

Партия ұйымы партия-ұйым партиялық-саяси жұмыстар дәрежеде жүргізеді, коммунистердің ролін күшейтіп, оларға жетекші, табысты ұйым болуына жетіседі, сөйтіп, егіншілерін көктемгі егіс жоспары бойынша 5 майға орындауға пай жұмылдырады.

Дін және оның реакциялық мәні

Дін алғашқы дәуірдегі адамдардың санасындағы табиғат құбылыстарының жалған сәулесінен туған теріс ұғым, соқыр сенім. Адамдардың санасы қай дәуірде болса да болмыстың сәулесі. Адам баласы қоғамының даму дәрежесіне қарай сәуленің дұрысы да терісі де болады. Шындықтың әрбір теріс сәулесін Маркс пен Энгельс жалған сана деп атаған. Дін — сол жалған сананың, жалған идеологияның бірі.

Дін иелерінің, олардың қолдаушылары — реакцияшы буржуазия ғалымсымақтары мен идеалист философтардың пікірінше, дін адамның өзімен бірге туатын қасиет, дінді құдай адамның рухына өзі тұмасаң бұрын салып қояты, олай болса, адамға дінсіз өмір сүруге болмайтын сыяқты. Оларша, дін өзінің түпкі сырын тексеруге қатаң тыйым салады, дінді тексеру құдайды маскаралау деп санайды.

Марксизм ғана дінді, оның туып даму негіздерін ғылыми тұрғыдан айқын түсіндірді, дін жөніндегі адам санасын ұлайтын өтірік ертегілер мен жалған қыялдарды бастан аяқ әшкереледі.

Дін қоғамдық сана-сезімнің, адам қоғамының рухани өмірінің бір түрі деп үйретеді марксизм, ал, адам қоғамының рухани өмірі, оның бір түрі — дін қоғам тұрмысының материалдық жағдайына қарай жасалады.

Адам қоғамының алғашқы дәуірінде алдымен адамдар еңбекке шұғылданады. Өйткені, еңбек адамның тіршілік жағдайы үшін табиғат материалдарын меңгеру қажеттігінен туады. Осыдан кейін сыртқы табиғат құбылыстарының адам санасындағы сәулесін ұғынуы туады.

«...Материалдық жағының дамуы, — дейді Сталин жолдас, — сыртқы жағдайдың дамуы идеялық жағының дамуынан, сананың дамуынан бұрын келеді. Әуелі сыртқы жағдайлар өзгереді, әуелі материалдық жағы өзгереді, ал, содан кейін оған сәйкес сана-сезімнің жағдайы өзгереді»

жөнілмейтін, қайта оның өзін билейтін күдіретті күш бар деген теріс ұғым осыдан туған.

Мысалы, алғашқы адамдар күн мен түннің кезектесіп отыруын, жауын-шашынды, жағдай мен күн күркіреуді, адамның ауруы мен өлуін ерекше бір қасиетті күш деп түсінді. Осы жалған теріс ұғымнан туған дін сол соқыр сенімді тұрақтылыққа айналдырып, алғашқы қоғам адамдарының табиғат күштерін меңгеріп алуына бөгет жасады.

Ал, қоғамның таптарға бөлінуімен бірге, діннің түрлері де өзгерді. Діннің мұнан кейінгі дамуы қанаушылық қоғамға, әуелі күл иеленушілік қоғамға, онан кейін феодалдық, ақырында, капиталистік қоғамға сәйкес өзгеріп отырды.

Дін таптық қоғамда еңбекшілерді езудің, құлданудың құралы, оның ең түпкі тамыры адамды адам қанауда деп үйретеді марксизм.

Сталин жолдас өзінің еңбектерінде дінге бас июшіліктің себебі еңбекшілердің әлеуметтік ауыртпалықтан арыла алмай, амалы құрудан болатындығын көрсетті. Сталин жолдас былай дейді:

«Жұмысшылардың көрген күні жан шыдамастық қыйын еді. Еңбекшілердің тартқан азабы мен бейнеті ауыр еді. Құлдар мен күл иелері, крепостнойлар мен крепостниктер, шаруалар мен помещиктер, езілгендер мен езушілер, — міне дүние ежелден осылай құрылып келеді, қазірде де елдердің анағұрлым көпшілігінде осылай болып қалып отыр. Еңбекшілер қасырлар бойы әлде неше он, жүз рет нығына мінген езушілерді лақтырып тастап, өз тұрмысына өзі не болуға тырысты. Бірақ, олар әрдайым тас-талқаны шығып, қор болып лажсыз шегінді, көрген жәбір мен қорлығын, ызасы мен кейсітігін іште сақтады, көз жетпес көкке қарап бостандықты аспаннан күтті» Сөйтіп, таптық қоғамда діннің негізі әлеуметтік езушілік болды, ал, әлеуметтік езушілік буржуазиялық қоғамда

өзі пайдаға құмартқан буржуазия ғылымды, техниканы дамытуға лажсыздан тырысады. Бірақ, бұқараны рухани құлдықта ұстау үшін бір жағынан дінді бұрыңғысынан да асыра дәріптей түседі, ғылым мен дінді бір-біріне жағыстыру әрекетімен ғылымның дамуын бөгеп, тіпті ақырында оған қарсы шабуыл жасайды.

Қазіргі дәуірде дін мен капиталдың байланысы, әсіресе, Америка Құрама Штаттарында мейлінше өрши түсуде. Онда ғылыми материалистік көзқарасты ұағыздауға қатаң тыйым салынып отыр.

Америка империалистері Совет Одағына қарсы, халық демократиялық елдерге қарсы жаңа соғыс өртен тұтату ісіне барлық дін ұйымдарын, әсіресе, Ватиканды қол шөкпар ретінде пайдалануда (Ватикан — католик дінінің орталығы, Италияның астанасы Римде орнаған «рухани мемлекет»).

Америка империализмінің соғыс мүддесі үшін Ватикан көп мемлекеттердегі өзінің ұйымдары арқылы шпиондық әрекеттерін, жаңа соғыс насихатын өршіте түсуде.

Соғыстан кейінгі жылдарда американағышы империалистерінің әмірі бойынша Ватиканның халық демократиялық елдерді Совет Одағынан айырып, АҚШ-тың отарына айналдыру мақсатымен жүргізілген талай-талай шпиондық әрекеттері әшкереленді. Мұны соңғы жылдары Чехословакияда, Венгрияда, Болгарияда Ватикан агенттерінің сотталуы айқын сипаттайды.


Міне, діннің таптық және қанаушылық мәні осыдан анық көрінеді.

Коммунистік партия мен совет мемлекеті ғылымның дамуына, оны халық бұқарасының игілігіне айналдыруға барлық қажетті жағдайларды туғызды. Совет халқы қанаушы таптардың саяси және экономикалық езуінен ғана құтылып қойған жоқ, рухани езілуден де азат болды.

ерді
Н

шылардың
ыларының
зметкерле-
да және
ында тал-
а ұшғас-
тысты.
талқылау-
ауданның
ары, ауыз
және ме-
ашылығын
тахановша
Сталин
сі брига-
жолдас
лық орын
жылға
руға мін-
колхоздың
рауындағы
озы алу
ысы Ви-
йның мұ-
жөніндегі
орындауға

серлерінің
ығатынына
өндірістік
йтуде қа-
селодық
активтері
рды мей-
уашылығы
еңбекке
ң социа-
шін шар-
у, бұқара-
жақсарға
ашылығын
қада мін-
мақсатына



Петропавл телефон станциясының телефонисткасы Е. Зинова жұмыс тапсырмасын ай сайын артығымен орындап отырады. Ол адамдармен сөйлескенде тыспайы, жұмысында тәртіпті.

СУРЕТТЕ: Е. Зинова жолдасын коммутаторда жұмыс істеп отырған кезі.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Балалар таңертеңгіліктері

Облысымыздың барлық еңбекшілерімен бірге оқушылар да 1 Май мерекесін қызу әзірлікпен қарсы алды. Қала мектептерінде мерекесі қарсаңындағы күндерде революцияға дейін В. В. Куйбышевтің қатысуымен Петропавлда өткізілген жұмысшылар мәевкасы туралы және «Совет Одағы бейбітшіліктің тірегі» деген тақырыпта әңгімелер өткізілді.

Мектептерде 1 Майға арнап, қабырға газеттері шығарылды және сурет көрмеселері ұйымдастырылды.

Бүгін және ертең барлық мектептерде жоғары класс оқушылары үшін мерекелік кештер, ал, төменгі класс оқушылары үшін таңертеңгіліктер өткізіледі.

барысын және басқа осы сыяқты мәселелерді тексеріп, ұсыныстар жасады. Ауылдық Совет аткомі тұрақты комиссиялардың ұсыныстарына кезінде құлақ асып, тиісті шаралар қолданып отырады.

1952 жылы ауылдық, селолық Советтердің республикалық социалистік жарысын ұйымдастыру жөніндегі тоқшындықтардың шақыруын біздің Советтің еңбекшілері зор өрлеумен қарсы алды. Тоқшындықтардың Үндеуі колхозшылар-

бұл ағаштар отырғызылып, маңайы қоршалды. Келесі жыл үшін 50 текшеметр отын әзірленді.

Біздің мақсат — Советтердің социалистік жарысын кеңінен өрістетіп, колхоздардың экономикасы мен мәдениетін одан әрі өркендетуде жаңа табыстарға жету.

Қ. ҚЫМЫРАНОВА,

Ленин ауданы, Бірлік ауылдық Советі аткомінің председателі.

Қалалық Советтің VI сессиясы

Жуырда еңбекшілер депутаттары Петропавл қалалық Советінің кезекті VI сессиясы болып өтті. Сессия 1952 жылға арналған қалалық жергілікті бюджет және 1951 жылғы қалалық бюджеттің орындалу қорытындылары туралы мәселе аяқталады.

Бұл мәселе жөнінде баяндама жасаған қалалық финанс бөлімінің меңгерушісі депутат И. Н. Прядко жолдас қала еңбекшілерінің шаруашылық және мәдениет ұрылысында қол жеткен табыстарын айта келіп, қалалық Советтің III сессиясында бекітілген 1951 жылғы бюджеттің орындалу қорытындыларын баяндады.

—1951 жылғы бюджет, — деді баяндамашы, — 23497,6 мың сом мөлшерінде белгіленсе, 1952 жылға арналған бюджеттің кіріс сомасы 24954,5 мың сом мөлшерінде белгіленіп отыр. Бюджеттің кіріс бөлегі негізінен социалистік кәсіпорындары мен ұйымдардан түсетін түсімнен артырылды.

Баяндамашы бюджетті орындаудағы қол жеткен игі жетістіктермен қатар, айтарлық салығы төлемдері жоспарын орындамаған «Қазақино», «Главсоль», «Лаврыбсбыт», «Главпарфюмер» сыяқты ежелеген кәсіпорындарын сынады.

Тұрақты бюджет комиссиясы председателінің орынбасары депутат Зерневиц баяндама жасады.

Жарыссөзде сөйлеген депутат Ганющенко сауда орындарында әлі күнге дейін қаржыны талан-таражға салу фактілері жойылмай келе жатқандығын айтты. 1951 жылы қалалық сауда бөлімі бойынша 443 мың сом мемлекет қаржысы талан-таражға түскен. Депутат Ганющенко жергілікті өнеркәсіп пен сауда орындарына жеткілікті басшылық жасамағаны үшін қалалық Совет аткомін, оның председателінің орынбасары Скрипник жолдасы әділ сынады.

Қалалық денсаулық сақтау бөлімі меңгерушісінің міндетін атқарушы Сулова жолдас денсаулық сақтау орындарында бюджетте қарастырылған қаржының толық менгерілмей келе жатқандығын айтты.

Қалалық Совет аткомінің председателі депутат Савин жолдас өзінің сөзінде 1952 жылға арналған қалалық бюджеттің орындалуын қамтамасыз ету үшін кәсіпорындарының, сауда орындары мен мекемелердің басшыларынан мемлекеттік финанс төртінбін қатаң сақтауды және бюджет төлемдерінің уақтылы өтеліп отыруын талап ету қажет екенін айтты.

Еңбекшілер депутаттары Петропавл қалалық Советінің VI сессиясы өзінің қарарына және бекітуіне ұсынылған қалалық бюджетті бірауыздан бекітті.

тың қорытындысы шығарылып, баяндама жасалды және көркемөнер дарындыларының күшімен концерт берілді.

Оқушыларға арналған концерт

Кеше қаладағы Пионерлер Үйінде 6—7 класс оқушылары үшін кеш өткізілді. 250 оқушы дүние жүзі еңбекшілерінің халықаралық ынтымақ күні — 1 Май туралы баяндама тыңдады.

Баяндамадан кейін көркемөнершілер үйірмесінің коллективі жаңартылған программа бойынша концерт берді.

ОБЛЫСТЫҚ ДРАМА ТЕАТРЫНДА

Халықаралық мереке — 1 Майды қала еңбекшілері көңілді өткізеді. 1 және 2 май күндері облыстық драма театрының коллективі қала еңбекшілеріне тұңғыш рет Алешиннің «Директор» пьесасын қойып көрсетеді.

ПЕТРОПАВЛДЫҢ ОРТАЛЫҚ ТЕЛЕГРАФЫ ЖӘНЕ ҚАЛАДАҒЫ БАРЛЫҚ БАЙЛАНЫС БӨЛІМШЕЛЕРІ

Мерекелік құттықтау телеграммалар қабылдай бастады.

Телеграмма берушілердің тілегі бойынша тапсыру мерзімі көрсетілген телеграммаларда қабылданады.

Ондай телеграммалардың адресінің алдында телеграмманы қай күні (числосы) тапсыру керек екендігі көрсетіледі. Бұл — телеграмманың көрсетілген мерзімде тапсырылуына кепілдік береді.

Облыстық «Заготзерноның»

аппаратында қызмет істеу үшін инженерлер және құрылысшы техниктер КЕРЕК.

Адрес: Петропавл қаласы, Красноармеец көшесі, 1-үй.

Көпжұмыс ауданындағы Қарақоға станциясында тұрушы Любовь Павловна Лисина Василий Семенович Лисиннен айырылатыны жөнінде арыз берді. Іс облыстық сотта қаралады.

ды. Бұл совет жастары үшін әрі қуанышты, әрі жауапты кезек. Жазғы емтиханнан мүдірмей өту үшін № 3 татар орта мектебінің оқушылары оған ұйымшылдықпен әзірленуде. Әресе, 7-класс оқушылары бұл күндерде емтихан әзірлігімен қызу шұғылданауда.

7 «б» класында барлығы 19 оқушы бар. Оның ішінде II оқушы Ленин комсомолының мүшесі. Комсомолдардың барлығы да оқуды ойдағыдай үлгерді.

Мектепте күн сайын кешкі сағат 7-ден 10-ға дейін консультация өтіп тұрады. Онда кезекші оқытушылар оқушылардың емтиханға әзірленуіне көмектеседі.

Кәзір біз өткен сабақтарды қайталап жүрміз. Мүғалімдер де, комсомолдар да жеке пәндер бойынша оқуды үлгере алмайтын оқушыларға зор көмек көрсетуде.

дер бойынша 4 және аяқтағалы отырмын. Емтиханға алмай, мектепті аяқтау үшін кәзір оқудан емтиханға әзірлікке тартып отырмын. Мен геометриядан тарих пәндерінен өткенімнен қайталап болдым.

Менің жолдастарым: туллин, Исатулов және жақсы және өте жақсы емтиханға да жақсы әзірленді.

Біз жетінші кластың және 5-ке тапсырып, біздің жөнінде жақсы үшін күш жұмсаймыз.

қаладағы № 3 татар 7 «б» класының оқушысы

«ГЛАВКИНОПРОКАТТЫҢ» ОБЛЫСТЫҚ ҚАЗАҚСТАН ОБЛ БӨЛІМШЕСІ

1 Май мерекесі құрметіне облыс экрандарында төмендегідей фильмдер көрсетіледі.

«Ұлы тан», «Ұлы азамат», «Ант», «В. И. Ленин», «Орелдің апаты», «Максимнің қайтып келуі», «Мылтықты адам», «Бейбітшілік соғысы және «Біз бейбітшілік үшін», «Жастық көктемі» деген документті фильмдер.

Сол сыяқты, «Актрисаның арманы» деген көркемсуретті фильмді көрсетіледі.

ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ САУДА АТКОМІНІҢ ҚАУЛЫСЫ БОЙЫНША

Петропавл қаласының базарларында мереке алдындағы сауда орындарындағы барлық сауда ұйымдары қатысып, көпшілік базарлардың түр-түрін сатады.

Базар басқармасы колхоздарды, колхозшылар мен азаматтардың уақытылы өнімдерін әкеліп сатуға шақырады.

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫ

Еңбекшілер депутаттары қалалық Советінің қарарына сәйкес дейінгі балалар жалғыз өздері, сол сыяқты, ата-аналармен келген кешкі сағат 8-10-да басталатын сеанстарға жіберілмейтіндігін хабарлайды.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың көмекшісі — 1-87, редактордың орынбасары — 1-88, редактордың орынбасары — 1-89, редактордың орынбасары — 1-90, редактордың орынбасары — 1-91, редактордың орынбасары — 1-92, редактордың орынбасары — 1-93, редактордың орынбасары — 1-94, редактордың орынбасары — 1-95, редактордың орынбасары — 1-96, редактордың орынбасары — 1-97, редактордың орынбасары — 1-98, редактордың орынбасары — 1-99, редактордың орынбасары — 1-100. ПАРТИЯ ЖӘНЕ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ БӨЛІМДЕРІ — 2-36, өнеркәсіп транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 8-22, газет табыс етілмеген